



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

3-деңгейлі СМЖ
құжаты

2015 жылғы « 18 » 09
№1 басылым

E 029-03.13-6.50.01-2015

**Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Интернет желісін пайдалану
ЕРЕЖЕСІ**

E 029-03.13-6.50.01-2015

Алматы 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1 Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Ақпараттық технологиялар департаментінде
ӨЗІРЛЕНДІ

Ақпараттық технологиялар
департаментінің директоры
« 2 » 09 2015 ж.



А. Мұстафина

2 КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік жұмыс және
халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор
« 8 » 09 2015 ж.



С. Жүсіпбеков



Ғылыми және инновациялық
қызмет жөніндегі проректор
« 8 » 09 2015 ж.



Е. Көлдеев

Ішкі аудит департаментінің
директоры
« 4 » 09 2015 ж.



Б. Каленова

СМЖ үйлестіру бөлімінің бастығы
« 4 » 09 2015 ж.



А. Сауранбаева

Заң және құжаттамалық
қамтамасыз ету бөлімінің бастығы
« 3 » 09 2015 ж.



Б. Туткина

Мемлекеттік тілді дамыту
басқармасының бастығы
« 2 » 09 2015 ж.



М. Мұнара

3 Университет басшысының 2015 жылғы « 18 » 09 № 68 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

4 Бірінші рет ЕНГІЗІЛДІ

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ереже	4
2	ҚазҰТЗУ-да Интернет желісін пайдалануды ұйымдастыру	4
3	ҚазҰТЗУ-да Интернет желісін пайдалану	5
4	kazntu.kz және ntu.kz домендеріндегі электронды поштамен жұмыс істеу ережелері	8
5	Жауапкершілік	9
	Өзгертулерді тіркеу парағы	

1 Жалпы ережелер

1.1 Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-де (ары қарай - ҚазҰТЗУ) Интернет желісін пайдалану ЖОО-ның ғылыми-білім беру мен инновациялық зерттеу мәселелеріне бағытталған.

1.2 Осы Ереже, ҚазҰТЗУ-де желі пайдаланушылардың құқығын сақтау үшін Интернет желісін пайдалану тәртіптері мен жағдайларын реттейді.

1.3 Осы Ереже ҚазҰТЗУ-ң ішкі нормативті құжат мәртебесіне ие. Желі пайдаланушылары болып үйренушілер (студенттер, магистранттар, докторанттар), ғылыми қызметкерлер, ҚазҰТЗУ қызметкерлері мен оқытушылар есептеледі.

1.5 Интернет желісін пайдалану ережесі университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, университет басшысының бұйрығымен бекітіледі.

1.6 Интернет желісін пайдалану ережесін құрастыру барысында сапа менеджмент жүйесінің нұсқаулығы қолданылды (бірінші деңгейлі құжат).

2 ҚазҰТЗУ-де Интернет желісін пайдалануды ұйымдастыру

2.1 Сабақ кезінде яғни бекітілген сабақ кестесінің шеңберінде білім алушылардың Интернет желісін пайдалануын, сабақ жүргізетін оқытушы бақылауға алады.

Оқытушы:

- білім алушылардың Интернет желісін пайдалануын бақылауға алады;
- білім беру мақсатынан тыс қорларға/қорлар топтарына кіру жағдайларын болдыртпау шараларын қолдануы тиіс.

2.2 Сабақтан тыс уақытта білім алушылардың Интернет желісін пайдалануын құрылымдық бөлімдердің есептеу техникаға жауап беретін қызметкерлері қадағалауы тиіс.

Құрылымдық бөлімдердің қызметкерлері:

- АТҚ-да (ақпараттық-техникалық құрылғы) жұмыс істеу журналының Ф ҚазҰТЗУ 606-41 форма бойынша толтыруын қадағалайды;

- білім алушылардың Интернет желісін және компьютерді пайдалануды қадағалайды;

- университеттің мәселелеріне жатпайтын, тыс қорларға/ қорлар топтарына кіру мүмкіндіктері орын алған кезде бұлтартпау шараларын қолдануы тиіс;

- білім алушылардың білім беру саласына қатысы жоқ қорларға кіру мүмкіндіктері орын алған кезде басшыға хабарлауы тиіс.

2.3 ҚазҰТЗУ Интернет желісін пайдалану кезінде, білім алушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және ғылыми-білім беру үрдіс мақсаттарына сай келетін қорларға кіруге мүмкіндік беріледі. Осы талаптардың орындалуы автоматты түрде тексеріледі. Ол арнайы техникалық құралдармен және ҚазҰТЗУ-да немесе байланыс қызметін көрсететін оператордың контексті сүзгіш бағдарламасымен жүзеге асырылады.

2.4 ҚазҰТЗУ бекітілген ережелерге сай, анықталған қорларды және қорлар категориясын белгілі бір топтарға жатқызу, техникалық құралдармен және программалық қамтамасыз ету бөлімдердің жүйелік администраторларымен жүзеге асады.

2.5 Жүйелік администратор:

- Интернет желісінің белгілі бір қорлары мен категорияларына кіруге/блоктауға шешім қабылдайды;

– ҚазҰТЗУ Интернет-қорында жарияланған ақпараттардың сипаттамасы мен көлемін анықтайды;

– басшылықтың шешімімен пайдаланушыға Интернет желісіне кіруге рұқсат ашады.

2.6 ҚазҰТЗУ Интернет желісін пайдаланушылар техникалық құралдар мен программалық қамтамасыз ету Интернет желісіндегі қорларды толықтай сүзгіден өткізуді қамтамасыз ете алмайды, бұл қорларды жиі жаңартып отыруға келтіреді. Осыған байланысты оқушылардың кейбір қорларды пайдалануы ҚР заңына қайшы келеді және ғылыми білім беру процесінің мақсаттарына сай келмейді.

ҚазҰТЗУ Интернет желісін пайдаланушылар Интернет қорларындағы мұндай ақпараттарды арнайы пайдалану немесе білмей пайдалануда IP адресінің иесі ретінде жауапкершілікке тартылатынын түсінуі керек.

2.7 Аутентификациямен (Интернет пайдаланушыларының атын және паролін тіркеуші) қамтамасыз ететін сервер, пайдаланушылардың Интернетпен жұмысы кезіндегі қарайтын сайттарын тіркеп отырады. Пайдаланушылардың кіріп отырған сайттары туралы ақпарат пайдаланушының рұқсатынсыз сайкес мемлекеттік бақылау органдарына берілуі мүмкін.

2.8 ҚазҰТЗУ сервері арқылы Интернет желісіне қосылған компьютер оқу орнының локальды есептеу желісіне қосылған. Локальды желі сымды және сымсыз байланыс линияларынан тұрады. Сымсыз байланыс (WiFi) линиясы арқылы кез келген компьютер тіркеусіз қосыла алады. ҚазҰТЗУ сымсыз байланыс линиясы арқылы қосылған компьютер оқу орнының локальды қорына ғана кіре алады және Интернет желісіне қосыла алмайды.

2.9 ҚазҰТЗУ Интернет қорларында ақпаратты орналастыру ұстанымдары қамтамасыз етеді:

– азаматтардың құқығы мен қызығушылығын қорғайтын ҚР қолданыстағы заңын сақтау;

– қызметкерлер, оқытушылар және оқушылардың жеке мәліметтерін қорғау;

– енгізілген ақпараттардың дұрыстығы және туралығы.

2.10 білім алушылардың жеке мәліметтері (тегі және аты, оқу жылы, жасы, суреті, тұрғылықты жері туралы мәлімет, телефон, т.б..) оқушының жазбаша келісімімен немесе олардың заңды орындаушысының келісімімен, ҚазҰТЗУ құрастырған Интернет қорларда жариялануы мүмкін. ҚазҰТЗУ қызметкерлері мен оқытушыларының жеке мәліметтері де жеке жазбаша келісімдері арқылы ғана жарияланады.

2.11 ҚазҰТЗУ сайтында жарияланған іс шаралар туралы ақпаратта көрсетілген адамның не заңды орындаушының келісімінсіз, тек оқушының тегі немесе аты, қызметкердің, оқытушының немесе ата-анасының тегі көрсетілуі мүмкін.

2.12 Жеке мәліметтерін енгізуге рұқсат алған соң жауапты бөлімнің қызметкері мүмкін болатын кедергілер мен жағдайлар туралы түсіндіруі тиіс. Мұндай жағдайларда, жарияланған жеке мәліметтерге арнайы рұқсат бар болса, ҚазҰТЗУ жауапкершілікті алмайды.

3 ҚазҰТЗУ Интернет желісін пайдалану

3.1 ҚазҰТЗУ қызметкерлері және ғылыми-білім беру процесінің қатысушылары ғаламдық Интернет қорларына, тіркеуден өтіп логин пароль алғаннан кейін кіруге рұқсат алады.

Қызметкерлер үшін логинді тіркеу СМЖ Ф ҚазҰТЗУ 606-10 (Интернетке кіру үшін қызметтік хаттарды тіркеу) формасы түрінде жауапты бөлімшенің директорына өтініш жазу арқылы жүзеге асады. Өтініштерді тіркеу және қабылдау 513 MF өткізіледі. Тіркеу жасатқаннан кейін пайдаланушы тегі мен атының алғашқы әріптерінен латын тілінде жазылған логин алады және «123» паролін алады, бұл парольді бір күн ішінде өзгерту қажет. Өзгертілген пароль құпия болуы керек, қандай жағдай болмасын басқа тұлғаға пайдалануға берілмеуі керек. Пайдаланушыдан ешкім логині мен паролін талап ете алмайды.

Барлық оқушылар Интернетке кіру үшін «Тіркеуші кеңсе» қажетті құжаттарды (студент билеті, зачет кітапшасы) көрсету арқылы тіркеле алады. Тіркелгеннен кейін студент зачет кітапшасының номерін логин етіп алады және «123» паролін алады, бұл парольді бір күн ішінде құпия парольге өзгерту қажет.

3.2 Интернет желісімен жұмыс істеуге, Интернет желісін пайдалану ережесімен танысқан және оны сақтауға келіскен адам, мүмкіндік алады. Осы ережемен пайдаланушының танысуы жауапты бөлімшенің таныстыру журналына (Ф ҚазҰТЗУ 401-03) тіркеледі.

3.3 Желі пайдаланушыларының құқығы:

– ҚазҰТЗУ желісінде бар Интернет қорларына кіру үшін, қорлардың иелерімен бекітілген ережелерді бұзбау керек, егер ол ережелер желіні пайдаланудың жалпыға ортақ нормаларына сай келсе;

– ақпараттық анықтама немесе кеңес алу үшін техникалық құралдарға қызмет көрсететін техникалық тұлғаға бару керек.

3.4 Желіні пайдаланушыларға тиым салынады:

– Қазақстан Республикасы заңдарымен тиым салынған іс әрекеттер жасауға;

ҚазҰТЗУ желісін жеке өз мақсатына пайдалануға, және де оқу, ғылыми, әкімшілік жұмыстарға сай емес бағытта, сонын ішінде коммерциялық ұсыныстарды, жарнамаларды және т.б.;

– қызметкердің міндетін орындауға қатысы жоқ файлдарды (ойындар, видео, СД және жеке сипаттағы мәліметтер) локалды және жалпыға ортақ желілерде сақтауға;

– ҚазҰТЗУ желісіне бөтен адамдардың кіруіне рұқсат беруге, сонымен қатар ҚазҰТЗУ желісінің арналарына басқа желі (мысалы: проху-server, socks-проху, open relay және т.б.) пайдаланушыларының кіруіне рұқсат беруге;

– компьютер желісінде жеке меншік және заңмен қорғалған авторлық құқығы бар және аралас құқығы бар ақпараттарды (лицензиялы программалардың сериялық номерлері, программа, мәліметтер файлы және т.б.) таратуға;

– осы ережелерді бұзатын кез келген қорларға мазмұны, мақсаты мен есебін ҚазҰТЗУ желісінің құралдарында құру және қолдап отыру;

– электронды почтаның кері адресі, жұмыс орнының IP-адресі, басқа желілік хаттамаларда пайдаланылатын адрестер, үшінші жақтың идентификациялы мәліметтерін (адрес, телефон және т.б.) фальсифициялау;

– ҚазҰТЗУ желісін және басқа да желілердің ішкі құрылымдарын, ашық порттардың тізімін, және т.б. анықтау мақсатына бағытталған жұмыстарды іске асыру;

– ғылыми білім беру саласына қатысы жоқ сайттарға кіруге;

– вирус және басқа да компьютерлік кодтар бар мәліметтерді жариялауға;

– орнатылған антивирустық пакеттер арқылы файлдарды алдын ала дайындап алмай орындауға жіберуге және ашуға;

– коммерциялық және мемлекеттік құпия ақпараттарды таратуға, адамдардың ар намысына тиетін ақпараттарды жариялауға;

- Интернеттен не басқа жерден алынған программаларды арнайы рұқсатсыз компьютерге орнатуға;
- ҚазҰТЗУ Интернетке кіру нүктесінде кез келген компьютерге "взлом" жасауға бағытталған іс әрекеттер;
- ҚазҰТЗУ Интернетке кіру нүктесінде мазақтаған, жамандаған, өсектеген ақпараттар мен мәліметтерді жазбаларды жіберу мүмкіндігін пайдалану;
- жоғары оқу орнының ғылыми білім беру саласына пайдаланылмайтын ақпараттарды кез келген уақытта көшіріп алуға;
- пирингті желіде қорларды пайдалануға (bittorrent);
- Интернет желісінде жұмыс істеу үшін бөтен атау мен парольді пайдалануға;
- әлеуметтік технологияда әлеуметтік желілерді пайдалануға.

3.5 Желіні пайдаланушылардың міндеті:

- есептеу техникасымен жұмыс кезінде техника қауіпсіздігі ережесін сақтауға;
- ҚазҰТЗУ Интернет желісін пайдалану ережесін сақтауға;
- Интернет желісінде жұмыс істегенде АТҚ пайдалану уақытын тіркеу журналына жазып отыру;
- ҚазҰТЗУ ғылыми-білім беру процесінің қатысушысы ретінде Интернет желісімен жұмыс істегенде жалпыға ортақ тәртіпті сақтау керек;
- осы ережені бұзушылықты байқаған жағдайда бөлімшенің басшылығына хабарлауға;

3.6 білім беру процесінің мақсатына сай келмейтін мәліметтерді кездейсоқ байқап қалған жағдайда, оқушы сабақ өткізіп отырған оқытушыға хабарлауға міндетті.

Оқытушы қордың интернет адресін (URL), көрген уақытын жазып алып, Интернетпен жұмыс істейтін және рұқсат беруді шектейтін жауапты тұлғаға хабарлауға міндетті .

Жауапты тұлға міндетті:

- оқытушыдан ақпаратты қабылдауға;
- техникалық құралдар және программалық қамту операторына категорияға жатпайтын ақпаратқа кіруге рұқсатты шектеу туралы мәлімет беру (1 тәулік ішінде);

Жіберілетін мәлімет келесі түрде болу керек:

- (URL) қорының интернет-адресі;
- қордың тақырыбы туралы хабарлама, білім беру процесінің мақсатына сай келмеуі немесе ҚР заңдарына бұрмалаушылық болған жағдайда;
- күні мен уақыты;

3.7 ҚазҰТЗУ Интернет желісімен жұмыс істеуді ұйымдастырудың және мүмкіншілікті шектеудің жауапты тұлғасы, оқытушылар, қызметкерлер және оқушылар құқылы:

- ҚазҰТЗУ Интернет қорларына және Интернет желісіне өздерінің жеке ақпараттарын жариялауға;
- ҚазҰТЗУ Интернет қорында электронды почтасы бар болуына.

4 kazntu.kz и ntu.kz домендерінде электронды почтамен жұмыс істеу ережесі

4.1 @ntu.kz электронды почтасы ҚазҰТЗУ жеке меншігі болып табылады және қызметкерлердің ұйымдық жұмыстарына пайдаланылуы мүмкін.

Қызметкерлек почта жәшігін ашуы үшін ДП ҚазҰТЗУ 606-11сәйкес келесі түрдегі (Ф ҚазҰТЗУ 606-07-11) почта ашу туралы қызметтік хат жазуы қажет

4.2 **@kazntu.kz** корпоративті электронды почтасы ҚазҰТЗУ жеке меншігі болып табылады және оқушылар мен оқытушылар арасындағы қарым қатынасты қамтамасыз ету үшін пайдалануы мүмкін. Барлық оқу түріндегі студенттерге корпоративті почта университетке қабылданған кезде автоматты түрде құрылады және келесі түрде болады: **сынақ кітапшасының номері@kazntu.kz**. Оқушы өз почта жәшігін қосу үшін университеттің сайтында (<http://portal.kazntu.kz>) оқу порталында студент бетіне кіруі қажет және сондағы нұсқау арқылы жасайды.

4.3 электронды почтаны пайдалану саясаты ҚазҰТЗУ ақпараттық қауіпсіздіктің жалпыға ортақ саясатының маңызды элементі болып табылады.

4.4 университет пайдаланушыға ескертпей-ақ электронды почтаның мазмұнын тексере алады.

4.5 ҚазҰТЗУ қызметкерлеріне электронды поштамен жұмыс істегенде тиым салынады:

4.5.1 жалпыға ортақ Интернет желілерінде ҚазҰТЗУ қызметкерлерінің немесе өз адресін жариялауға (форумдар, конференциялар және т.б.).

4.5.2 хат жіберуші адам сізге таныс белгілі болса да, кіріс қатынастарындағы мәліметтерді вирусқа қарсы тексермей тұрып ашуға болмайды.

4.5.3 ішкі адресстерға олардың жазбаша келісімі болмаса, почта арқылы көптеген (10 көп) хабарламалар жіберуге. Бұл әрекет СПАМ деп есептеледі және заңды күші болмайды.

4.5.4 жарнама түріндегі көптеген почталық хабарламалар жіберуге..

4.5.5 Электронды почта арқылы кез келген компьютер немесе телекоммуникация қондырғыларын және программаларын жоюға, бұзуға арналған вирус не басқа да компьютерлік кодтар, файлдар, программалар жіберуге, сонымен қатар коммерциялық өнімдердің, программаларды ашатын сериялық номерлер, логин, парольдер және басқа да Интернеттің ақылы түріне кіре алатын құралдарды таратуға, жариялауға болмайды.

4.5.6 авторлық құқығы бар материалдарды, қандай да бір патенттерді, сауда маркасын, коммерциялық құпияны, басқа да жекеменшік құқығын, авторлық немесе аралас үшінші жақтың құқықтарын жариялауға тиым салынады.

4.5.7 Қазақстан Республикасы заңдарымен және халықаралық заңдармен тиым салынған ақпараттарды жариялауға, оған зиян келтіретін, айыптайтын, өдепміз мәліметтер, сонымен қатар басқа тұлғалардың ар намысы мен қадір қасиетін қорлайтын мәліметтер, сонымен қатар ұлттық араздықты тұтандыруға, зорлыққа, заңға қарсы шығуға және де жарылғыш заттарды басқа да қаруларды пайдалануға т.б. тиым салынады.

4.5.8 коммерциялық құпияны таратуға арналған рұқсаты шектелген ақпаратты таратуға.

4.5.9 Өз почта жәшігінің паролін ешкімге бермеу.

5 Жауапкершілік



5.1 Интернет желісінің трафигін есепке алуға бөлімшенің жүйелік администраторы жауапты және трафиктің үлестірілуін басшылықтың нұсқауымен ескертусіз өздігінше өзгерте алады.

5.2 Жұмыс кезіндегі электр энергиясының іркілістерінен, байланыстың авариялық ажыратылуынан пайдаланушылардың сақталмай қалған мәліметтеріне жүйелік администратор жауапкершілік алмайды.

5.3 Осы ережелерді бұзған тұлға пайдаланушыға ескертпей ақ серверден автоматты түрде ажыратылады. Интернет желісіне кіруге рұқсатты қайта алу үшін пайдаланушы ереже бұзғаны туралы жазбаша түсінік жазғаннан кейін қарастырылады. Интернет желісіне кіру рұқсатының шектелуі уақыт бойынша шектелмейді.

Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі мен бабы	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні, нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, лауазымы, қолы

Өзірленді
ҚолыКелісілді
Қолы

№ 68 «18» 09 2015 ж.

Университет басшысының бұйрығымен бекітілген